

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Құсмұрын кенті әкімінің 2025 жылғы 7 ақпандагы № 3 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес және 2024 жылғы 14 қарашадағы № 35 Әулиекөл ауданы жер участкерлерін беру жөніндегі комиссияның отырыс хаттамасынан үзінді қөшірмесінің негізінде Әулиекөл ауданы Құсмұрын кентінің әкімі ШЕШТІ:

1. "Әулиекөл ауданы әкімдігінің сәulet, қала құрылышы және құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесіне Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Құсмұрын кентінің аумағында орналасқан жалпы көлемі 0,0088 гектар жер участкесіне Әулиекөл ауданы Құсмұрын кентіндегі 300 орындық жалпы орта білім мектепке инженерлік коммуникацияларға қызмет көрсету үшін (байланыс желілері) қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Құсмұрын кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы шешім мемлекеттік тіркелген құнінен бастап құнтізбелік жиырма қүн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрдегі "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Құсмұрын кенті әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін құнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

A. Абжанов